



ӘЛЕМДІК САЯСАТТЫҢ ЖАҢАНДАНУЫ. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ

Әлемдік саясаттың теориялары





Әлемдік саясаттың зерттеулерінде реализм және неореализм, либерализм және неолиберализм, конструктивизм, постструктурализм және феминизм сияқты негізгі тәсілдерді бөліп көрсету қалыптастып кеткен.

Реализм

Реализм – әлемдік саясат зерттеулеріндегі аса көне теориялық әдістердің бірі және аталмыш ғылыми мектеп халықаралық аренадағы барлық оқиғаларды дәл және шынайы зерттеу мен сипаттауға тырысты. Классикалық реализмнің бастауында Чикаго университетінің профессоры Г. Моргентау тұрды (1904-1980). Г. Моргентау классикалық саяси реализм теориясына негіз болған принциптерді қалыптастырады:

1. Саясат объективтік заңдарға бағынады, олар адамзат табиғатына негізделеді. Аталмыш заңдар адамның еркіне тәуелді емес және оларды өзгерту мүмкін емес, яғни қоғамды қалаулар емес, объективтік заңдар басқарады, ондағы басты мақсат осы заңдарды табу және көрсету болып табылады.

2. Саяси реализмнің басты категориясы билік терминдерінде айқындалған мүдде ұғымы болып табылады және әңгіме шын мәнінде ұлттық мемлекеттік мүдде турасында болып отыр. Реализмнің өкілдері оларды тұрақты, негіз қалаушы және өтпелі, аралық мүдде деп бөледі.

3. Сыртқы саясатта «ұлттық күш» (куат) үлкен рөл атқарады және ол «мемлекеттік күш-куат», «мемлекеттің сыртқы саяси әлеуеті» сияқты ұғымдарға неғұрлым жақын. Әңгіме мемлекеттің сыртқы саясаты мақсаттарына қол жеткізу үшін іске қоса алатын ресурстары туралы болып отыр.

4. Саяси реализм табысты саясаттың моральдық ұстанымдары мен талаптарының сәйкессіздігінен құтылу мүмкін емес екенін мойындайды.

Саяси реализмнің постклассикалық нұсқасы С. Хантингтонның өркениеттер қақтығысы тұжырымдамасына байланысты 1993 жылы жалғасын тапты.

С. Хантингтонның негізгі идеялары:

1. Әлемдік саясаттың басты акторлары тарихы, тілі, дәстүрі және дінімен ерекшеленетін мәдени қауымдастықтар ретінде айқындалатын өркениеттер болып табылады.

2. Өркениеттер нақты шектермен бөлінген нақты қоғамдарды білдіреді. Негізгі өркениеттерге С. Хантингтон батыс, конфуцийшілдік, жапон, ислам, индуистік, славян-православ, латынамерикалық және біршама күмәнмен африкалық өркениеттерді жатқызады.

3. Өркениеттер арасындағы қарым-қатынастар, реализмнің классикалық нұсқасындағы мемлекет арасындағы қатынастар сияқты қақтығысты күйінде қалып отыр. Қақтығыстардың негізінде экономикалық және саяси мүдделерге қарағанда ара қатынасын белгілеу айтарлықтай қиынға түсетін құндылықтар мен сенімдер арасындағы айырмашылықтан тұратын өркениеттік ерекшеліктер жатыр.

Либерализм

Әлемдік саясаттағы аса көне, бірақ негізгі позициялары бойынша реализмге қарама-қайшы теориялардың бірі либерализм болып табылады. Либерализмнің өкілдері - Дж.Локк, А.Смит, В.Вильсон. Негізгі әрекет етуші акторлары – мемлекет, ҰЕҰ, ТҰК, қоғамдық топтар, жеке тұлғалар. Негізгі құралы - әлеуметтік топтар.

Либерализм халықаралық қатынастардың заманауи жүйесін қалыптастыруға елеулі үлес қосты және ол кейбір ғалымдар мен саясаткерлердің Бірінші дүниежүзілік соғыстың салдарынан болған, ауқымы бойынша теңдессіз әлеуметтік апатқа жауабы ретінде пайда болды. Либерализм көбінесе АҚШ-тың сыртқы саяси қызметтің ашықтығы мен дипломатияны, сондай-ақ сыртқы саясатта демократиялық ұстанымдарға, ынтымақтастық пен моральға бағытталуды жария еткен 28-ші президенті Вудро Вильсонның атымен байланыстырылады. Либерализмнің негізгі ережелері АҚШ профессоры және президенті Вудро Вильсон тұжырымдаған.

Дж. Най және Р. Кеохейн аталмыш кітапта 1970 жылдардың басында орын алған оқиғаларды талдаудың негізінде жекелеген елдер арасында экономикалық, саяси және әлеуметтік салалардағы өзара тәуелділік деңгейінің күрт артуын белгіледі. Мемлекет осындай алмасуды толық бақылауға қабілетсіз болды, ол өзінің халықаралық қатынастардың басты субъектісі ретіндегі бұрынғы монополиялық рөлін жоғалтты.

Неолибералдық бағыт аясында халықаралық қатынастардың қандай да бір қырларын көрсететін әртүрлі теориялық ағындар бар. Сонымен, трансұлтшылдық мемлекеттің халықаралық қатынастардың



Кітап: Әлемдік саясаттың жаһандануы. Халықаралық қатынасқа кіріспе

Дәріс: Әлемдік саясаттың теориялары

жалғыз және басты қатысушысы позициясын жоғалтқанын көрсетеді және мемлекеттік емес халықаралық акторлардың рөліне ерекше көңіл аударады. Плюрализм дәстүрлі емес халықаралық акторлар – мемлекеттік емес ұйымдар, фирмалар, діни және этностық топтар, мемлекетішілік жекелеген әкімшілік құрылымдар, жеке адамдар санының артуына көңіл аударады. Кешенді өзара тәуелділік тұжырымдамасы жаһандық әлемнің артып келе жатқан қиыншылығын көрсетеді. Саяси либерализмнің постклассикалық нұсқасы халықаралық қатынастардың дүниежүзілік азаматтық қоғам – бірыңғай заңдар негізінде бірлесіп әрекет ететін адамдардың жаһандық өзін-өзі басқарушы қоғамдастығына эволюциялану мүмкіндігін талқылайды.

Либерализация – жеке кәсіпкерлерге толықтай еркіндіктің берілуі. Либерализацияның дәрежесі мемлекеттің экономикалық еркіндігіне және жеке кәсіпкерліктің даму дәстүріне дайындық деңгейіне байланысты. Либерализацияның шектен тыс болуы бұған дайын емес мемлекетте оның ұлттық экономикасының құлдырауына және жемқорлықтың өсуіне, қазына қорын талан-таражыға салуға әкеледі.

Протекционизм - шетелдік бәсекелестіктен ұлттық экономиканы қорғау үшін мемлекетпен жүзеге асырылатын шаралар жүйесі.

Жаңарған либерализм (неолиберализм) – дәстүрлі либерализмнің қағидаларын сақтап, оларды XX ғасырдың жаңа талаптарына сай өзгертуші идеялық-саяси ағым. Мысалы, бұрынғы либерализм мемлекет экономикаға араласпасын дейтін. Қазір әлеуметтік-экономикалық және т.б. мәселелердің кейбір жерлерін мемлекеттің реттегенің жөн көреді. Мемлекеттің бюрократиялануына, адамның жеке өміріне араласуына және т.с.с. қарсы шығады.